



**Медицина факультеті.
Теориялық пәндер
кафедрасы .**

**ТАҚЫРЫБЫ: Ауруханаішілік
инфекция.**

Қабылдаған: **Байтұрсынов Қ.Қ.**

Орындаған: **Нышанбайқызы А.**

Жоспары:

- 1. Инфекция дегеніміз не?
- 2. Ауруханаішілік инфекциялардың маңызы және анықтамасы.
- 3. АИИ-ң негізгі қоздырғыштары.
- 4. АИИ-ң жұғу кездері мен факторлары, таралау жолдары.
- 5. АИИ-ң таралуына әсер ететін факторлары.
- 6. АИИ-дан сақтану жүйесінің негіздері.



Жұқпалы аурулар– зардапты вирустардың, микоплазмалардың, хламидийлердің, спирохеталардың организмге еніп, одан өсіп-өну және өмір сүру салдарынан туатын аурулар. Жұқпалы ауруларды көбіне тек «**ИНФЕКЦИЯ**» деп те аталады.

Олар:

1. **Ішектік**
2. **Жоғарғы тыныс жолдарының**
3. **Қанның**
4. **Сыртқы қабықтардың аурулары болып бөлінеді.**

□ АИИ - ол науқасты госпитализациялау сәтінде айқын (манифестті) немесе жасырын (инкубациялық) кезеңінде болмаған, стационарда емделгенде пайда болатын инфекциялар. АИИ- стационардан шыққаннан кейінгі мерзімде де белгі беруі мүмкін. Аурухана қызметкерлері кәсіби қызмет көрсеткен кезде жұққан аурулар да АИИ-ға жатады. ДДҮ-ң Еуропалық бюросы 1979 жылы АИИ анықтамасын ұсынды, ол ең толық түсініктеме болып табылады.




АІИ (синоним- дердері: ауруханалық, госпиталды, госпиталішілік, нозокомиалды, ятрогенді) - науқас ауруханаға түскенде немесе емдік жәрдем алғанда, және де аурухана қызметкері осы мекемеде жұмыс атқару кезінде шалдыққанда, кесел симптомдары ауруханада немесе ауруханада болғаннан кейін пайда болуына қарамастан, клиникалық белгілері бойынша анықтауға болатын кез келген жұқпалы ауру.

АІИ-ң негізгі қоздырғыштары

Аурухана ішінде күл, жерше, іш сүзегі және басқа классикалық инфекциялардың қоздырғыштары да жүғуы мүмкін, бірақ АІИ туралы сөз болғанда әдетте ШПМ қоздыратын оппортунистік инфекциялар туралы ой туады.

АІИ қоздырғыштар




АІИ қоздырғыштары микроорганизмдердің барлық топтарына жатады: бактерияларға, вирустарға, саңырауқұлақтарға, қарапайымдыларға, бірақ жақсы зерттелгендері бактериялар мен саңырауқұлақтарға жатады: **S. epidermidis, Streptococcus** (А,В,Д тобындағы), **E. coli, Proteus** т.б., вирустар - қарапайым үшық, РС-вирус, аденовирус т.б



Аталған қоздырғыштар моноинфекция немесе ассоциацияланған (микст) инфекция туғызуы мүмкін. АИ кесел барысында қоздырғыштардың ауысып отыруымен де сипатталады. Сондықтан АИ-ң пайда болуын және дамуын тіркеу үшін 3 фактор есепке алынуы қажет:

1. Микробтардың сипаттамасы.
2. Иесінің (пациент, науқас, мед.қыметкер) сипаттамасы.
3. Ауруханалық орта факторлары.

Қоздырғыш микробтар құрамының түрі жоғарда келтірілді, дегенмен микробтардың санын (инфицирлейтін дозасын) анықтаудың маңызы зор. Қоздырғыш түріне, және де пациент жағдайына байланысты инфицирлейтін дозасы **10³-10⁷ КТБ/г, мл-ге** тең келеді. «Межелік (критическое) сан» әдетте **10⁵ КТБ/г, мл-ге** теңеледі.



ШПМ-ң госпиталдық штамдарының биологиялық қасиеттерін қарағанда олардың полирезистенттілігіне ерекше көңіл аудару керек. бейімделген штамдардың бейімделмегендерге қарағанда жоғары деңгейде төзімділігі бар:

- Антибиотиктерге
- Антисептиктерге
- Дезинфектанттарға
- Фагтарға
- Бактериоциндерге

Полирезистенттілік нағыз госпиталды штамдарға селектикалық артықшылық береді (соның ішінде күшті тіршілік сақтаушылық және бейімделушілік қасиетін).

АІІ-ң жүгу кездері мен факторлары, таралау жолдары

АШ-ң дамуы, оның клиникалық көріністері қоздырғыш түрімен, оның дозасымен т.б. ғана емес, ауруханаға түскен пациенттің өз жағдайымен де байланысты. АІІ-мен науқастануға «қауіпті факторлар» әсер етеді деген түсінік бар.






Оларға жатады:


- жасы (жаңа туылған балалар, қарттар)
- қосалқы аурулар (әсіресе диабет, онкологиялық үрдістер, созылмалы нефрит, созылмалы лейкоз т.б.)
- генетикалық және генетикалық емес негізде иммундық статустың төмендеуі
- ауыр операциялар жасалу
- ұзақ мерзімге созылған инструменталдық зерттеулер (әсіресе инвазиялық әдістер)
- антибиотиктерді, гормондарды, иммундыдепресенттарды т.б. жүйесіз қолдану
- ауруға шалдығу нәтижесінде жүре пайда болған иммундық тапшылық болу
- Психологиялық жағдайлар.

Ауруханалық ортаның сипаттамасы.

Экзогенді инфекциялардың таралуы аурухана жағдайында болатындықтан инфекция көзі жандылар және жансыз заттар болуы мүмкіп. Жанды инфекция көздеріне:

- пациенттер (науқастар);
- медицина қызметкерлері;
- келіп-кетушілер жатады.





Пациенттер арасында инфекция көзі ретінде кеселдің атипті, айқын белгісіз түрімен науқасталғандар ерекше қауіпті.

Медициналық қызметкерлер және келіп кетушілер (және де пациенттер арасында да) инфекция көзі ретінде бактерия тасымалдаушылар бола алады.

Мысалы, барлық адамдарды стафилококк тасымалдаушылығы бойынша 3 топқа бөледі:

- тұрақты тасымалдаушылар (20 %)
- тұрақты тасымалдамаушылар (10 %)
- тұрақсыз (алмасып тұратын) тасымалдаушылар (70 %)

Осы категорияға жататын дені сау адамдардың арасында алтынша стафилококты «күшті таратушылар», және де қышыма, шиқан, ойық жаралары бар, яғни микробтармен мол контампацияланған инфекция ошағы бар науқастар ерекше қауіпті.

Жансыз инфекция көздеріне яғни экзогенді инфекция тарату факторларына жатқызылады:

- ауруханалық жайлардағы заттар,
- микробтармен контаминацияланған саймандар, қондырғылар,
- контаминацияланған медикаменттер (эсіресе ертінділер),
- тағамдар, су, ауа, сирек жағдайда - топырақ.

АІИ-ң экзогендік таралу жолдары:


- контакты-жанасу (тура, жанама контакт)
- тамшылы (ауалы-тамшылы)
- ауалы (ауалы-шаңцы)

Аурухана жағдайында ең кең жайылған инфекция таралу жолы- жанама контакт. Өте сирек жағдайда трансмиссивті жолмен жұғуы мүмкін.



АИ-ң таралуына әсер ететін факторлар

1. Таңу материалдарын, инелерді, шпирцтерді, аспаптарды, инфекциялық ерітінділерді стерилдеу ережесінің бұзылуы.
2. Стерилді заттардың ластануы.
3. Дезинфекциялық ережелердің бұзылуы (әсер етуші агент концентрациясының төмендеуі, ерітіндінің уақтылы ауыстырылмауы, өңдеудің сапасыз болуы т.б.).
4. Науқасты оқшаулаудың бұзылуы.
5. Палатада науқастарды тығыз орналастыру, көйлек-көншек санының жетіспеушілігі.
6. Медициналық қызметкерлердің өз міндеттерін мұқият орындамауы.
7. Мед. персонал және науқастардың жеке бас гигиенасы тәртіптерін орындамауы.
8. Мед. персонал бактерия тасымалдаушылыққа дер кезінде тексерілмеуі.
9. Аурухана жайларын уақтылы жинастырмау, ыстық және салқын сумен тұрақты қамтамасыз етпеу.
10. Антибиотиктерді ретсіз тағайындау.
11. Бір рет қолданылатын шпирцтердің болмауы.





АИ-дан сақтану жүйесінің негіздері.

Сақтану шаралары мынадай бағыттар бойынша жүргізіледі:

1. Стационарда антимикробтық режимді сақтау - барлық профилактикалық шаралардың негізі болып табылады. Оған былайша қол жеткізіледі:

а) ара қатынасын алыстату - карантин, оқшаулау, ғимарат ішін тазалық деңгейіне қарай аймақтарға бөлу, медициналық керекті заттардың тазасын және ластанғанын ажыратып отыру т.б.

б) жансыз заттарды стерилдеу және дезинфекциялау, бөлме ауасын желдендіру.

в) бір рет қолданылатын шпирцтерді, қан алмастыруға, тамырға құюға арналған жүйелерді, халаттарды, сүлгілерді, бетперделерді және кейбір саймандарды т.б. пайдалану.

г) наукас денесіндегі микробтарды антисептиктермен жою.

д) процедуралар санын азайту.

2. Организмнің қорғаныс күшін жоғарылату (қатерлі топтарды бөлу, профилактикалық мақсатта антибиотиктерді қолдануға шек қою).





Қысқартылған сөздер:

АИИ- Ауруханаішілік инфекциялардың.

ДДҰ- дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы.

ШПМ (УПМ)- шартты-потогенді микробтар.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Жеке микробиология. 2008 г.
2. www.medical.com
3. www.medlit.ru

**Мықты денсаулыққа
сенімен бірге!!!**





Сейчас мы познакомимся с параметрами

